Қазақстан Республикасының
әділет Министрлігі
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу
2006 ж. «27» қаңтар
Тіркеу нөмірі 45-1904-06-ММ
БСН 060140006984

Қазақстан Республикасының
әділет Министрлігі
өкілеттік мен толықтырулар
2018 ж. «17» қаңтар
анықтама
4 бұйрық

Аудан әкімдігінің 2018 жылғы
8 қаңтардағы №02 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

«Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі ішкі саясат саласындағы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 030100 (индекс) Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Т.Жүргенов көшесі, 62 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру ауданның жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы және басқару жөніндегі уәкілетті органы Әйтеке би ауданының әкімдігі болып табылады.

13. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің кәсіпкерлік субъектілерімен «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: қоғамдық – саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру, ауданда қоғамдық саяси ахуалды болжауға бағытталған әлеуметтік және саясаттану жөніндегі зерттеулерді жүргізу.

15. Міндеттері:

1) қоғамдық – саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ, мемлекеттік егемендікті қоғамдық процестерді демократияландыруға және қоғамды жұмылдыруға қатысу;

2) ауданда мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің мемлекеттік ішкі саясатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс және аудан әкімдерінің, облыстық ішкі саясат басқармасының қатысты мәселелер бойынша актілері мен тапсырмаларын іске асыру барысын орындауын бақылау;

3) ауданда ішкі саяси тұрақтылықты, ел бірлігін және қоғамды топтастыруды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

4) ауданда Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын түсіндіру мен насихаттауды қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қолдану мен насихаттауда әкімшілік-аумақтық бірлігіне сәйкес қалыптастыруға ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау;

6) ауданда болып жатқан қоғамдық-саяси процестер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты зерттеу, жинақтау және талдау;

7) аудандық деңгейде мемлекеттік ақпарттық саясатты іске асыру, аудандық бұқаралық ақапарт құралдарының мемлекеттік тапсырысты орындау жөніндегі қазметін үйлестіру;

8) ауданда қоғамдық-саяси ахуалды болжауға бағытталған әлеуметтік және саясаттану жөніндегі зерттеулерді жүргізу;

9) қоғамдық бірлестіктермен, саяси париялармен, қоғамдық-саяси және діни ұйымдармен, кәсіптік одақтармен, БАҚ, жұртшылық өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

16. Функциялары:

1) ішкі саяси процесстерді іріктеуге қатысу, ішкі саясат саласындағы жергілікті мемлекеттік органдардың қызметтерін үйлестіру, аудандағы қоғамдық-саяси ахуалға, саяси партиялар мен өзге бірлестіктердің қызметтеріне мониторинг, талдау және болжау жасауды ұйымдастыру, ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамдық жұмылдыруды, қазақстандық отаншылдықты насихаттауды және тәрбилеуді қамтамасыз ету жөнінде ұсынамдар жасау мен жұмыстарды ұйымдастыру;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Премьер Министр Кеңсесінің тапсырмаларының, аудан және облыс әкімдерінің облыстық ішкі саясат басқармасының актілерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

3) бөлімнің құзіретіне жататын мәселелер бойынша аудан әкімдігінің отырысына қатысты ақпараттар әзірлеуге қатысу;

4) атқарылға жұмыстар жәйі туралы ішкі саясат басқармасына жүйелі түрде есеп беру;

5) бөлімінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметтерін бақылау және үйлестіру;

6) қоғамдық-саяси, мәдени іс-шараларды өткізу барысын идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету;

7) мемлекеттің ішкі саясат мәселері жөніндегі мемлекеттік мекемелердің, ауылдық округ әкімдерінің, аудандық бұқаралық ақпараттық құралдарының қызметін және ақпараттық насихаттық топтар жұмыстарының барысын үйлестіру мен бақылау;

8) ішкі саяси салада, халықаралық қатынастар саласында, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету мен сақтауда мемлекеттік саясатты белгілейтін тұжырымдамалар, бағдарламалар жасауға және оларды іске асыруға қатысу;

9) саяси партиялармен, ұлттық-мәдени бірлестіктермен, құқық қорғау, діни және өзге қоғамдық ұйымдармен байланысты жүзеге асыру;

10) Қазақстан халқы Кіші Ассамблеясы хатшылығына ақпараттық-ұйымдастырушылық көмек көрсету;

11) мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насихаттау мәселелері бойынша аудан аумағында акциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

12) әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындауға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, оның ішінде конкурстық рәсімдер мен жобалардың іске асырылу барысына мониторинг жүргізу;

13) діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу, жолын кесу мәселелері бойынша аудан аумағында кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кеңестер қызметтерін көрсетуді ұйымдастыру және өткізу;

14) Коммерциялық емес ұйымдардың, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдар филиалдары мен өкілеттіктерінің (оқшауланған бөлімшелерінің) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға өз қызметі туралы, оның ішінде өзінің құрылтайшылары (қатысушылары), мүлкінің құрамы, ақшаның қалыптасу көздері және жұмсалу бағыттары туралы мәліметтерді ұсындауы, уақытылы ұйыснбауы, сол сияқты анық емес немесе көрнеу жалған мәліметтерді ұсынуы және Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу фактілері орын алған жағдайда қолданыстағы заң талаптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтуралы хаттамалар жасауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру;

17. Құқықтары:

1) өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты мемлекеттік органдар мен лауазым иелерін, өзге ұйымдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен талап етуге, мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың қызметшілерін бөлімнің құзіретіне жататын мәселелерді әзірлеуге тартуға, тиісті ұсыныстар жасау үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

2) жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға;

3) бірлестіктердің, ұйымдардың, органдардың мәселелері бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;

4) бөлімінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша оның отырыстарын өткізуге;

5) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты қалыптастыру және іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

3. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінде басшылықты «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бөлім басшысы жүзеге асырады.

19. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысын заңда белгіленген тәртіпте аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының өкілеттігі:

1) бөлімнің қызметін басқарады және бөлімге жүктелген міндеттерді орындау бойынша жауаптылықта болады;

2) бөлім қызметкерлері арасындағы функционалдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады;

3) стратегиялық және ағымдық жоспарларды бекітеді;

4) "Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

6) мемлекеттік және басқа да органдарда «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүддесін қорғау;

7) сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, алдын алу бағытында заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес шара алу;

8) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

«Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі

21. Бөлімнің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Бөлімнің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттардан, сондай-ақ құны балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншігіне жатады. Бөлім өзіне бекітілген мүлікке заңнамаға сәйкес иелік етеді.

22-1. Бөлімнің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі-мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) Әйтеке би аудандық қаржы бөлімі болып табылады.

5. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

23. «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі
Өзгертулер мен толықтырулар
21 «19» ақпан
енгізілді
№ 89 бұйрық

2021 жылғы
«17» ақпандағы
Әйтеке би ауданы әкімдігінің
№25 қаулысына
Қосымша

Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2018 жылғы
«8» қаңтардағы №02 қаулысымен
бекітілген

Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы №02 қаулысымен бекітілген «Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесінің 2 тарауының 16 және 17 тармақтарына қосымшаға сәйкес толықтырулар енгізілсін.

16-тармақ мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

- Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Экстремизге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына сәйкес экстремизм мен терроризмнің алдын алу, жолын кесу және оған қарсы тұру жөніндегі қызметті, іс-шараларды жүзеге асырады.

17-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға.